“Ақмола облысының білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ

05.09.25

Ерейментау қаласы

Государственное учреждение “Отдел образования по Ерейментаускому району Управления образования Акмолинской области”

ПРИКАЗ

№ 341

город Ерейментау

**2025-2026 оқу жылында Ерейменту ауданының білім беру ұйымдарында мектептегі тамақтану сапасын бағалау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобын құру туралы**

«Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы No ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына сәйкес Ерейментау ауданының мектептерінде тамақтануды ұйымдастыруға бақылау сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1-қосымшаға сәйкес 2025-2026 оқу жылында Ерейментау ауданының білім беру ұйымдарында мектептегі тамақтандыру сапасын бағалау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топ құрылсын.

2. Ерейментау ауданының білім беру ұйымдарындағы мектептегі тамақтандыру сапасын бағалау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобының ережесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Ерейментау ауданының білім беру ұйымдарында мектептегі тамақтандыру сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобының 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшының м.а.** **Тулебаев А.А.**

«КЕЛІСІЛДІ»

Тулебаев А.А._ . ____________________ бөлім басшысының м.а.

Алиева Т.С. ______________ Ерейментау аудандық мәслихатының депутаты

Курникова Н.К. ______________ Ерейментау аудандық мәслихатының депутаты

Санакова С.М. __________ Ерейментау қаласының Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейінің ата-анасы

Хамитова Б.Г. __________________ № 3 ата-аналар қоғамының өкілі Ерейментау қаласы

Сейдеметова М.Ю. ___________ Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің есепшісі

1-қосымша
№ 341 бұйрыққа
05 "09. 2025 г

**2025-2026 оқу жылында Ерейментау ауданының білім беру ұйымдарындағы мектептегі тамақтандыру сапасын бағалау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобының**
**Құрамы**

1, Тулебаев А.А. - Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі басшысының м.а., комиссия төрағасы;
2, Макаева Э.Т. - Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің әдіскері, топ хатшысы;
3, Сейдеметова М.Ю. - Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің есепшісі (келісім бойынша);
4, Курникова Н.К., Ерейментау аудандық мәслихатының депутаты, топ мүшесі (келісім бойынша);
5, Алиева Т.С., Ерейментау аудандық мәслихатының депутаты, топ мүшесі (келісім бойынша);
6, Хамитова Б.Г., № 3 ата-аналар қоғамының өкілі Ерейметау қаласы, топ мүшесі (келісім бойынша).
7. Санакова С.М. - Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейінің ата-анасы Ерейметау қаласы, топ мүшесі (келісім бойынша).

Қосымша 2
№ 341 бұйрыққа
05 "09. 2025 г

Ерейментау ауданының білім беру ұйымдарындағы мектептегі тамақтандыру сапасын бағалау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобына арналған

**ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Мектептегі тамақтану сапасын бағалау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топ (бұдан әрі - Сараптамалық топ) орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды уақтылы және сапалы тамақтандыруды қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында Ерейментау ауданының білім беру бөлімі жанынан құрылады.

1.2. Осы Ереже Сарапшылық топ жұмысының мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен ұйымдық принциптерін, сондай-ақ оның білім беру ұйымдарымен, жергілікті атқарушы органдармен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау тәртібін реттейді.

1.3. Сарапшылық топ кеңесші-ұсынымдық сипатта болады және мемлекеттік бақылаушы және қадағалау органдарының қызметін алмастырмайды.

1.4. Сараптама тобының ережесі мен құрамы жыл сайын әр оқу жылына білім бөлімі басшысының бұйрығымен бекітіледі.

1.5. Сараптама тобының құрамына келісім бойынша: мемлекеттік мүлікті басқару;
санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың аумақтық бөлімшелері;
үкіметтік емес ұйымдар;
ата-аналар жұртшылығына.

1.6. Сараптамалық топ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.7. Сараптама тобының мүшелері Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтауға, тексеру барысында өздеріне белгілі болған қызметкерлер мен оқушылардың денсаулығы туралы мәліметтерді жария етпеуге міндеттенеді.

II, Сараптама тобының мақсаттары мен міндеттері

2.1. Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етуге жәрдемдесу.
.2. Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру және сапасы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылау.
2.3. Санитарлық-гигиеналық, технологиялық, ұйымдастырушылық және құқықтық талаптарды бұзушылықтарды анықтау және талдау.
2.4. Анықталған бұзушылықтардың себептерін зерделеу және олардың алдын алу бойынша ұсынымдар әзірлеу.
2.5. Лауазымды адамдардың тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі талаптарды сақтауын талдау, жұмыс берушінің кадр және тәртіптік саясатына араласпай ұсынымдар беру.
2.6. Тамақтану жүйесін жетілдіру, тамақтану сапасы үшін жауапкершілікті арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.
III, Қызметтің негізгі бағыттары
Сараптау тобы:
3.1. Мектеп әкімшіліктеріне оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруда консультациялық көмек көрсетеді.
3.2. Бақылауды жүзеге асырады:
білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыруға;
асхананың жұмыс кестесі мен санитариялық жай-күйінің сақталуына.
3.3. Босатылатын өнімнің сапасы мен ассортименті бойынша оқушыларға сауалнама жүргізуді ұйымдастырады.
3.4. Тамақтану және қызмет көрсету жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді.
3.5. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын растайтын құжаттарды зерделейді.
3.6. Мынадай құжаттаманың болуын тексереді:
персоналдың денсаулық журналы;
тағамдарды витаминдеу журналы;
тез бұзылатын өнімді бақылау журналы;
дайын тамақ сапасының журналы;
шикізат пен дайын өнімнің бракераж журналы.
3.7. Санитарлық кітапшаларды, мәзірлерді, сәйкестік сертификаттарын және басқа да құжаттарды талдайды.
3.8. Қажет болған жағдайда дайын өнімді органолептикалық бағалауды жүзеге асырады.
3.9. Тамақтануды бақылауға ата-аналар жұртшылығын тартады.
IV. Жұмыстың ұйымдастыру қағидаттары

4.1. Сараптама тобы білім бөлімі басшысының бұйрығымен құрылады, ол:
топтың құрамы;

мақсаттары мен міндеттері;
оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
4.2. Топтың құрамына:
топ төрағасы;
топ мүшелері - уәкілетті мемлекеттік органдардың, ҮЕҰ, ата-аналар қоғамдастығының және өзге де мүдделі тараптардың өкілдері.

V, Топтың жұмысын ұйымдастыру

5.1. Топтың жұмысы тексеру жүргізу мерзімдері мен анықталған кемшіліктерді жою мерзімдері көрсетіле отырып, оқу жылына бекітілген жоспар негізінде жүзеге асырылады.
5.2. Тексерулер жоспардан тыс жүргізілуі мүмкін:
ата-аналарының немесе қызметкерлерінің шағымдары бойынша;
әкімшіліктің бастамасы бойынша;
санитарлық және өзге де талаптар бұзылған жағдайларда жүргізіледі.
5.3. Тексеру нәтижелері бойынша төраға мен хатшы қол қоятын анықтама жасалады.
5.4. Жоспарлы тексерулер тоқсанына кемінде бір рет жүргізіледі.
5.5. Сараптама тобы өз жұмысының нәтижелері туралы білім бөлімінің басшысына хабарлайды.

VI. функциялары мен міндеттері

6.1. Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде санитарлық нормалардың сақталуын бақылау.
6.2. Білім алушылардың асханаға қатысуын бақылау.
6.3. Ас блогы мен залдың санитарлық жағдайын бақылау.
6.4. Жиһаздың, мүкәммалдың, киімнің, ыдыстың және жабдықтың жай-күйін бақылау.
6.5. Ас блогының техникалық жағдайын, уақтылы жөндеуді бақылау.
6.6. Топтың ескертулері мен ұсыныстары әкімшілікке жеткізіледі және міндетті түрде қаралуға тиіс.
6.7. Қажет болған жағдайда топ ұсынымдардың орындалуын қайта тексеруге құқылы.

VII. Құжаттама
7.1. Сараптама тобы жүргізілген тексерулер мен қоғамдық мониторингтің есебін жүргізеді.
7.2. Нәтижелер төраға мен хатшы қол қойған анықтамалармен ресімделеді.
7.3. Отырыстардың хаттамалары мен анықтамалар белгіленген тәртіппен комиссия хатшысында сақталады.

3-қосымша
№ 341 бұйрыққа
05 "09. 2025 ж

| № | Іс шара атауы | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру және оның сапасы мониторингі бойынша ведомствоаралық сараптама тобын қалыптастыру | 2025 г. қыркүйек | МСТ Бұйрығы | Білім бөлімі |
| 2 | Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу | Кесте бойынша мектептерге бару | Есеп | МСТ мүшелері |
| 3 | Осы өтініш бойынша мониторинг жүргізу туралы МЭГ шешімі шығарылғаннан кейін баланың заңды өкілі жазбаша өтініш жасаған кезде (мектепте тамақтандыруды ұйымдастырудағы бұзушылықтарды анықтау мәніне) білім беру мекемесінде жоспардан тыс мониторинг жүргізу | Оқу жылы ішінде қажетіне қарай | ақпарт | МСТ мүшелері |
| 4 | Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда барлық білім беру мекемелеріне жоспардан тыс мониторинг жүргізу (әртүрлі | Оқу жылы ішінде қажетіне қарай | ақпарат | МСТ мүшелері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | этимологиядағы инфекциялардың пайда болуы және басқалар) | | | |
| 5 | Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға байланысты мәселелер бойынша балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) дауларын/өтініштерін қарау | Оқу жылы ішінде қажетіне қарай | Информация | МСТ мүшелері |
| 6 | Подготовка и размещение информации о результатах мониторинга на сайт, социальных сетях | Айсайын | Ақпарат, фото видиоматералы | Білім бөлімі |

Ерейментау ауданы бойынша
білім беру ұйымдарындағы мектептегі тамақтану сапасын бағалау жөніндегі
ведомствоаралық сараптама тобының мониторинг кестесі

| № | Білім беру ұйымының атауы | Мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | Ерейментау қаласы №1ЖОББМ; Т.Шаханов атындағы №2 ЖОББМ; Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі | 15-16.09.2025 г |
| 2 | Ерейментау қаласы Н.Смағұлов ат. мектеп-лицейі<br>Ерейментау қаласы №3 ЖОББМ<br>Ерейментау қаласы  №1 НМ<br>П.Кәрімұлы ат. Малтабар аулының ЖОББМ | 17-19.09.2025 |
| 3 | Торгай ауылының ЖОББМ<br>Сілеты ауылының ЖОББМ<br>Бестогай ауылының ЖОББМ | 13-15.10.2025 |
| 4 | Майлан ауылының Б.Жахин ат ЖОББМ<br>Акмырза ауылының ЖОББМ | 17.11.2025 |
| 5 | Өлеңті ауылының ЖОББМ<br>Бозтал ауылының ЖОББМ<br>Ажы ауылының НОББМ | 18-19.11.2025 |
| 6 | Тайбай ауылының ЖОББМ<br>Енбек НМ | 22.12.2025 |
| 7 | Еркеншилик ауылының ЖОББМ<br>Аксуат ауылының ЖОББМ<br>Олжабай ауылының ЖОББМ<br>Куншалган ауылының ЖОББМ | 19-23.01.2026 |